



«ҮЛКЕН АЛТАЙ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ» ӨҢІРАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Үлкен Алтай жоғары оқу орындарының ректорлар кеңесі (бұдан әрі «ЖОО кеңесі») «Алтай – біздің ортақ үйіміз» Халықаралық үйлестіру кеңесі ЖОО жетекшілерінің өңір – қатысушыларының ерікті бейресми бірлестігі болып табылады. ЖОО кеңесі «Алтай – біздің ортақ үйіміз» ХҮК-нің шекаралас ынтымақтастық жөніндегі аймақтық бірлестігі туралы ереженің 13 б. сәйкес тұрақты әрекет етуші комиссия ретінде құрылған.

ЖОО кеңесінің негізгі қызмет бағыттары «Үлкен Алтай жоғары оқу орындарының ректорлар кеңесі» шекаралас аймақ аралық бірлестікті құру жөніндегі «Алтай – біздің ортақ үйіміз» ХҮК-нің аймақтық қатысушыларының жетекші ЖОО ынтымақтастығы туралы декларацияда (бұдан әрі декларация) көрсетілген.

1 бап

ЖОО кеңесінің қатысушылары төмендегі ЖОО болып табылады.

Алтай өлкесі (Ресей Федерациясы)

Баян – Өлгей аймағы (Моңғолия)

Шығыс – Қазақстан облысы (Қазақстан Республикасы)

Алтай Республикасы (Ресей Федерациясы)

Синьзян – Ұйғыр автономиялық ауданы (Қытай Халық Республикасы)

Ховд аймағы (Моңғолия)

Декларацияны мойындаған және қол қойған.

2 бап

ЖОО кеңесі заңды тұлға мәртебесіне ие емес. ЖОО кеңесінің қатысушылары серіктестік принципі негізінде өзге қатысушы елдердің заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілерін есепке ала отырып, өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес әрекет жасап, ортақ жобаларды дайындайды және жүзеге асырады.

ЖОО кеңесіне қатысу қатысушылардың өзге шетелдік серіктестермен шарт жасасу құқығына жол береді.

ЖОО кеңесінің құзыретіне егер тараптар өзге шарттар туралы келіспеген жағдайда, жалпы және принциптік сипаттағы мәселелер (өңірларарық даму саласындағы ортақ әрекет етудің жобалары мен бағдарламаларын дайындау, жұмыс тобының қызметін үйлестіру, үкіметтің мемлекеттік органдарымен байланыс жасау немесе қатынасу) кіреді.

3 бап

Кеңестің орыс тіліндегі толық атауы - «Үлкен Алтай жоғары оқу орындарының ректорлар кеңесі» өңіраралық бірлестіктері.

Кеңестің ағылшын тілінде толық атауы – Interregional Association “Grand Altai Council of HEI Chancellors”.

Орыс тіліндегі қысқартылған атауы – Үлкен Алтай ЖОО кеңесі.

Ағылшын тіліндегі қысқартылған атауы – GACC.

Кеңеске қатысушылар Кеңестің атауын өз мемлекетінің мемлекеттік тілінде қолданады.

4 бап

ЖОО кеңесінің қатысушылары ретінде білім беру басқармасы органдарының, Алтай ХҮК аймақтық қатысушыларының жетекші ЖОО - ның және қосымша кәсіби білім беру мекемелерінің басшылары немесе олардың өкілетті тұлғалары бола алады.

ЖОО кеңесінің құрамына жоғарғы білімі бар мамандарды дайындау мәселесін толық және жан-жақты талқылау үшін Алтай ХҮК келісімі бойынша Үлкен Алтай коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарының жетекші қызметкерлері және қоғамдық ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

5 бап

ЖОО кеңесінің мақсаты мен міндеті:

5.1. Жоғарғы білімнің қызығушылығы мен сапасы, Үлкен Алтай аймағына қарасты жоғары білім саласында жоғарғы оқу аралық байланыс пен ынтымақтастықты нығайту.

5.2. Білім бағдарламалын бірігіп іске асыру және ұйымдастыру, сонымен қатар, мультидипломдық бағдарлама, ғылыми зерттеулер мен мәдени - спорттық іс – шаралар.

5.3. Ғылым және білім саласын екі жақты бірлесе ұйымдастыру, білімді есептегенде, магистратура және докторантура (PhD) арқылы ғылыми – педагогикалық кадрларды дайындау, Үлкен Алтай оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жоғарлату.

5.4. Қатысушыларға – оқу орындардың талаптарымен таныстыру, басқа мекемелер және компаниялар, сонымен қатар, жеке азаматтар білім және ғылым қызметтерін аймақтық оқу орындарынан көре алады.

5.5. Білім және ғылым саласында Халықаралаық ынтымақтастық нысандарын және көрініс бағыттарын білу.

5.6. Жоғары салыстырмалы және академиялық деңгейді иелену конверсиясы мен кәсіби біліктілік, оларды Халықаралық мойындаудан өтуге қамтамасыз ету.

5.7. Оқытушылар мен мамандардың қазіргі заманғы академиялық нысандарын дамыту мақсатында жұмылдыру, білім алушылардың алмасуын ұйымдастыру.

5.8. Қатысушылардың ғылыми және мәдени ынтымақтастығын, берілген базалар бойынша білімге жәрдемдесуді қарастыру және құру.

5.9. Аймақтық Халықаралық байланыстарды дамытудың жарнамалы – баспа қызметін қызықтыру және оны шектеу.

5.10. Траншекараны зерттеуге қатысуды біріге ұйымдасу немесе Халықаралық, ұлттық ұйымдарды және қорларды қолдау.

5.11. Халықаралық және ұлттық оқыту бойынша тәжірибе жинау мақсатында біріккен ғылыми сараптамаларды талдау және білім бағдарламалары мен жобаларын екі жақты қарым – қатынаспен оқыту.

5.12. Конференцияларды, жоғарғы және ЖОО кейінгі кәсіби білімге және ғылымға байланысты сұрақтарды талқылау семинарларды, ғылыми – зерттеу жұмыстарын бірге жүргізу және ұйымдастыру.

6 бап

ЖОО кеңесінің белгіленген міндеттері мен мақсаттарының жетістіктері үшін:
– Аймақтық Халықаралық жоғары оқу арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы көріністі бағыттауда «Алтай – біздің ортақ үйіміз» ХҮК өз үлесін қосуда.

– Алтай аймағы білімінің ғылыми – техникалық, мәдени және өзге аумақтық – әкімшілік аралық байланысы, білімді тиімді дамытуда өзара қолдау және жағдай жасау.

7 бап

ЖОО кеңесімен мәлімдеген Декларацияны қатысушылар ынтымақтастықпен барлық бағытталған қызмет бойынша ұйымдастыру.

Қатысушылар бір – біріне өз ЖОО іс – шараларын хабарлау, сол себепте, Траншекара маңызды болуы мүмкін.

8 бап

ЖОО кеңесінде арнайы жетекші ретінде аймақтық ЖОО бір жетекші тағайындалады (ЖОО кеңесінің төрағасы), «Алтай – біздің ортақ үйіміз» ХҮК берілген мерзіммен төрағалық етеді.

Төраға кандидурасы және оның орынбасары (әр түрлі аймақтан болуы мүмкін) ЖОО кеңесінің отырысында көпшілік дауыспен сайланып бекітіледі.

9 бап

ЖОО кеңесі жоғары алқалық органдарының отырысы болып табылады.

Отырыста стратегия және ЖОО қызметтік жолдары қарастырылады.

ЖОО кеңесінің шешімі «Алтай – біздің ортақ үйіміз» ХҮК хатшылығымен келісіледі. Отырыста келесі сұрақтар бойынша шешімдер қабылданады:

– Ережені бекіту, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

- Тұрақты немесе толық топ жұмысшыларын құру;
 - ЖОО кеңесі қызметінің күнделікті бағыты және жұмысшылар (толық) тобын анықтау;
 - ЖОО кеңесі жұмыстарының жоспарын бекіту;
 - Жұмысшылар тобы жетекшісінің есебін тыңдау және бекіту;
 - Бірігіп жасаған жобаларды, бағдарламаны, іс – шараларды және оның қаржылай қамтамасыз етуін бекіту;
 - ЖОО кеңесі жаңа мүшелерін қабылдау және оның құрамынан шыққандардың шешімі туралы;
 - Кеңестік қызметтің қабылдау шешімін доғару туралы;
- ЖОО кеңесі өзінің қызметіне қатысты басқа да әртүрлі сұрақтарды қарастыруға құқылы.

10 бап

ЖОО кеңесінің отырысы, ереже бойынша жылына бір рет, бірақ екі жылда бір рет сирек болмауы.

Кезекті отырыс жұмыс жоспары негізінде, «Алтай – біздің ортақ үйіміз» ХҮК келісімімен болады. Кезекті отырыс төрағаның ынтасы бойынша өткізіледі.

ЖОО кеңесіне үш елден 50 пайызға жуық төрағалар қатысса, ЖОО кеңесі отырысы күзіретті.

ЖОО кеңесіне әрбір қатысушы, шешімді қабылдауға бір дауыс.

Отырысқа қатысушылар өкілі, қатысушылардың консенсус негізінде Кеңестің шешімі қабылданады.

11 бап

ЖОО кеңесінің төрағасы:

- Кеңеске шақыру;
- ЖОО ағымдағы жұмыстарымен жетекшілік етеді және оның шешімінің орындалуы ісін үйлестіруші;
- ЖОО кеңесі атымен шешімдерге және басқа да құжаттарға қол қояды;
- Кеңес отырысында төрағалық етеді;
- Мемлекеттік құзырлы органдарға ЖОО кеңесінің мүддесін ұсынады, ЖОО кеңесі мүшелері мемлекеттердің біріккен ұйымдары, жергілікті өзін – өзі басқарушылар;
- Қазіргі уақыттағы белгіленген ережені, ЖОО кеңесінің мақсатының амалдарын қарастырады;
- Оның өкілеттігімен соңғы функцияларды жүзеге асырады.

12 бап

ЖОО кеңесінің қойылған міндеттерін орындау үшін тұрақты және жұмысшылар (толық) тобы құрылады, олар ЖОО кеңесі мүшелеріне кіреді.

Жұмысшылар (толық) тобы мүшелеріне, ЖОО кеңесіне қатысушы өкілдеріне, сала құрылымының төрағасы ғылыми, іс жүргізу, қоғамдық аясы болып

кіреді. Үйлестіруші және ЖОО кеңесі отырысының жұмысшылар (толық) тобы қызметінің мониторингі Батыс Сібір (ХЫАО) аймақтық орталығымен оқу орнының Халықаралық ынтымақтастығы жүзеге асырылады, жұмысшылар И.И. Ползунов атындағы Алтай мемлекеттік техникалық университетінде тұрақты негізде. ХЫАО ақпарат байланысы: 656038, Ресей, Алтай өлкесі, Барнаул қ., Ленин даңғ. 46, тел.: +7-3852-260-542, факс: +7-3852-260-496 e-mail: nikonov@mail.altstu.ru «Алтай – біздің ортақ үйіміз» ХҮК төрағалығының берілген мерзімімен, ЖОО кеңесі отырысының дайындығын жақтас жүзеге асырылады.

13 бап

ЖОО кеңесі отырысы жақтың қабылданған тілімен жүргізіледі. Осыған орай, жақтастар – отырысты ұйымдастырушылар әртүрлі мемлекеттердің қатысушыларына тілдерін аударуға қамтамасыз етеді.

14 бап

ЖОО қатысушыларымен - ЖОО кеңесі қызметі, ЖОО қамтамасыз етеді. ЖОО жұмыстарын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және тұрғылықты басқарма органдары ЖОО қажетті материалдық және қаржылау ресурстарын бөлуі тиіс. Жұмысшылар тобы жұмысынан, ЖОО кеңесіне қатысушылар өз бетімен отырыс төрағаларына өздерінің қаржыларынан шығындалады. Бірігіп істеген жобаларды қаржылау, бағдарламалар мен іс – шаралар тәртіппен жүзеге асырылады, әрбір іс – шара үшін қатысушылармен бекітілген. ЖОО кеңесінің кезекті отырысын ұйымдастырушы – отырыстың өтуін және дайындығының шығынын өзіне алады. ЖОО кеңесі бірігіп істелінетін жобаларды жүзеге асыру үшін бірлестік және арнайы қорын құруға мүмкіндігі бар. ЖОО кеңесі отырысында қорды құру шешімі қабылданады.

15 бап

ЖОО кеңесі жаңа мүшелерге ашық көрсетіледі. Жаңа мүшелерді қабылдау, оған қоса қатысушылардың ЖОО кеңесінен шығуы, ЖОО мүддесімен жазба түрінде өтініш / ескертуді ұсыну жолында іске асырылады, олар ЖОО кеңесінің төрағасына бағытталады және басқа да ЖОО кеңесі қатысушылары туралы мәліметтер жеткізіледі. ЖОО қабылдау / шығу шешімі ЖОО кеңесінің кезекті отырысында көпшілік дауыспен бекітіледі.

16 бап

ЖОО кеңесі қатысушыларының қорытындысы шыққан кезде, әкімшілік өкілдері және екі елдің ЖОО қалған кезде ЖОО кеңесі өз қызметін тоқтатады.